

# А И Қ Ы Ы Н

**Жалаңашкөл жанарға тұнған тамшыдай**

**Төреғали Тәшенов**



**Алматы облысының Алакөл ауданы мен Шығыс Қазақстан облысының Үржар ауданының аумағында шалқып жатқан атақты Алакөлде жаз айында демалушылар саны жыл сайын артып келе жатыр. Солардың қатарында біз де бармыз.**

Жыл сайын Көктұма ауылына барып, Алакөлдің тұзды суына шомылып қайтамыз. Көл жағасында целлофан қалтаға салған қара батпақты 300-500 теңгеден саудалайды. Оны Жалаңашкөлден әкелетін көрінеді. Жалаңашкөл дегенде елең ете қаламыз. Көл атын тарихтан жақсы білеміз. 1969 жылдың көктемінде Ресейдің Приморье өлкесіндегі Даман аралында басталып, сол жылдың 13 тамызында Семей облысындағы Жалаңашкөлде қайталанған Қытай әскерлерінің шекараны бұзып өтуіне байланысты орын алған қанды қақтығысты айтып отырмыз. Сол кезде Қытай жағы Жалаңашкөл заставасын басып алмақ болғанда, тиісті сыбағасын алып, кері шегінген болатын. Қытаймен екі араны күзетіп келген тарихи көлді бір көріп қайтпай көңіліміз тыншымады. Екі жыл бойы соның сәті түспеді. Таксистер адам басына үш мың теңгеден сұрайды. Көлік салоны толмайынша жүре де қоймайды. Сол арман болған Жалаңашкөлді көріп қайтудың биыл сәті түсті. Сөйтсек, оған барудың түк те, қиындығы жоқ екен. Таксистер ол жағын бізге әдейі айтпапты. Қытай шекарасындағы Достық кеден бекетіне Үшаралдан қатынайтын пойыз таңертең Көктұма ауылының тұсына тоқтайды екен. Ары-бері темір жол қызметкерлерін таситын пойыз бесін ауа кері қайтады. Бір сағаттық жолға бар-жоғы 200 теңге төлеп, жолай Жалаңашкөл стансасынан бір шоғыр адам түсіп қалдық. Жалаңашкөл стансасында бар-жоғы он шақты үй қалқияды. Темір жол қызметкерлері мен ауа райын бақылаушылар отбасылары тұрады. Бастауыш мектебі мен көр-жер сататын дүкені бар екен. Көл стансаға тиіп тұр. Ұялы телефонымыз белгі берген соң қарасақ, «Қытайға қош келдіңіздер!» деген сигнал түсіпті. Тап бір шығыстағы ұлы көршіміздің жеріне аяқ басқандай жалтаңдап қалады екенсің. Шөлмектегі қытай сырасын саудалап отырған үй егесі көлге баратын жолды нұсқап жіберді. Сол баяғы жабайы туризм. Бір топ адам шеңгел мен жантақ қаулап өскен құмды даладағы жаяу соқпақты қуалай жүріп, демде жағасын қалың қамыс басқан Жалаңашкөлдің үстінен түстік. Дөңгелене тау жоталары қоршаған тақтайдай теп-тегіс жазықта жайылып жатқан көл шынында да, атына заты сай екен. Жағалауы тақыр әрі ашық болған соң Жалаңашкөл атанған да. Көрікті пейзажға қарап көзің тоймайды. Ионданған көл бетінің ауасын құшырлана жұттық. Тынысымыз кеңейіп сала берді. Аумағы анау айтқандай үлкен де емес, суы да тайыз секілді. Ұшқан құс, шоршыған балық көрінбейді. Бейнебір ұмыт қалған өлі теңіз секілді. Жетім ботаның көзіндей мұңды түрде мөлдіреп жатыр. Самал желмен әлсіз тербелген көл суы сарғыштау екен. Кейде қаймақ қатқан шайға да ұқсап кетеді. Кейін оның көл табанындағы қара батпақтың әсерінен екенін білдік. Қара батпағыңызды көл жағасындағы ойдым-ойдым болып жатқан шағын көлшіктерді кешіп жүріп, табанынан қос қолды салып жіберіп уыстап ала береді екенсіз. Жып-жылтыр қара балшықты денеңізге жақсаңыз, демде тырысып шыға келеді. Он бес минуттан артық ұстасаңыз теріңізді күйдіріп жібереді деседі білетіндер.

Жалаңашкөлдің суы Алакөлдің суындай тұзды емес екен. Табаны қиыршық тасты құмды жыныс. Жұрт көлге сырттай «Әйелдер көлі» деп ен тағып қойыпты. Оның себебі, көл суы әйелдердің организміне пайдалы көрінеді. Әсіресе, бала көтере алмай жүрген әйелдер көп келеді екен. Адам ағзасына көл суындағы бактериалық флораның әсері күшті дейді. Көлде сынап мөлшері көп болғандықтан ер адамдардың көп шомылуына болмайды деседі. Бұл да ғылыми анықталмаған, ауызша таралған дерек. Соны естіген соң күн ыстық болса да, суға көп шомыла алмадық. Есесіне әйелдер жағы судан шықпай жатып алды. Жалаңашкөлде шоршыған балық көрмесек те, жергілікті тұрғындар оның балығы көп деседі. Тіпті жақында біреу көлден ұзындығы бір метрден асатын балық ұстапты. Бірақ көл суы тұзды болмағандықтан Алакөлдің балығындай дәмді емес дейді. Еркектерге суға түсуге неге болмайды деп сұрадық. Оның бәрі жалған сөз, осы суға туғаннан түсіп келе жатқан ер-азаматтардың белден қалғанын көрген жоқпыз, үбірлі-шүбірлі ұрпағын өсіріп отыр дейді. Десе де, «ел құлағы елу деген» көңілде аздаған күдік бар. Осының анық-қанығын ғалымдар неге мұқият зерттемеске, неге өз қорытындыларын шығармасқа дейсің. Жалпы, көлтанушы ғалымдар Жалаңашкөл суының құрамында радон бар, буын, тері және адам ағзасының басқа да маңызды мүшелерінің сырқаттарына таптырмайтын емдік

қасиеті бар дейді. Оған суы мен көл табанындағы тұнбалардың химиялық құрамы әсер ететін көрінеді. Ендеше, Жалаңашкөлдің емдік-шипажайлық жағын дамытып, жазғы демалыс орны ретінде кеңінен пайдалануға мүмкіндік жасауға неге болмасқа. Туризм мен демалысты дамытуға көңіл бөлінсе, Жалаңашкөлді көруге баратындар қарасы аз болмасы анық. Сонау Қостанайдан жыл сайын осы көлге шомылуға келетін отбасыны да кездестірдік. Тіпті Ресейден келетін орыстар да аз емес екен. Темір жолмен жеткен соң байқамадық, Жалаңашкөлмен арадағы машина жүретін жол өте нашар деседі. Адамның қолқасын түсіре жаздайды дейді. Осы араға дейін асфальт жол жүргізсе, бұл өте пайдаға асар еді. Жалаңашкөл тұрмақ, Алакөлге апаратын көлік жолының өзінің қотыр-шұқыры көп. Жалпы, жұртты Ыстықкөлге сабылдырғанша, өзіміздің Алакөлге неге жұмылдырмасқа. Оның үстіне Ыстықкөлге баратын жол ұзақтығы да Алакөлмен шамалас. Алакөлге келетін жол оңтайландырылса, Алакөлмен етене «қонған» Жалаңашкөлді де көретіндер еліміздің түкпір-түкпірінен көбейер еді. Жаз айларындағы туристік сезонға темір жолды да пайдаланып, бюджетке ақша түсіруге болар еді. Осылайша, ел қазынасы да молығады, түрлі кәсіпкерліктің де көзі ашылады, адам да тынығады, қысқасы, шетелдің туристік нысандарына құйылатын қаржы Қазақстанның өзінде қалады.

Жазба деректерге сүйенсек, ұзындығы тоғыз шақырым, ені 5,8 шақырым, ең терең жері 3 метр болатын Жалаңашкөл Алакөлдің жайылма суымен толысып отырады. Көлге Жетісу Алатауының шығыс бөлігінен бастау алатын Тоқты өзені құятын көрінеді. Батысында жерасты ағыны арқылы Ырғайты өзені қоректендіреді екен.

Көл табанында минералдық заттарға бай тұнбалар мен тұздардың мол қоры бар делінетін Жалаңашкөл маңында халық сирек қоныстанғанымен Алматы – Достық темір жолы мен Талдықорған Үшарал – Достық автомобиль жолына сонымен қатар халықаралық маңызы бар Достық темір жол бекеті мен Барлық арасан шипажайына жақын орналасқан. Сондықтан суының құрамында радонның болуына байланысты емдік-сауықтыруды дамыту мақсатында қолдануға толық мүмкіндік береді. Ол үшін болашақта Жалаңашкөл көлінде емдік сауықтыру рекреациясын дамыту үшін Талдықорған мен Достық темір жол бекетін байланыстыратын автомобиль жолды қалпына келтіріп, демалушыларды маусымдық қабылдау нысандары мен демалыс үйлерін салу, Жалаңашкөл көлінің сол-түстік шығысындағы минералдық су көздері мен шипалы балшық кен орындарының қорын барлау жұмыстарын жүргізу мәселелерін шешу қажет.

Оның үстіне Жалаңашкөлдің тарихи-саяси маңызын да естен шығармауымыз қажет. Жер де, көл де – елдіктің белгісі, ол халық бірлігінің, оның тұтастығының көрінісі. Көлден айырылу елден, елдігінен айырылу деген ұғыммен бірдей. Міне, осының бәрін жас ұрпаққа ұғындыру, бейбіт өмірдің адамзат үшін баға жетпес құндылық екенін, ол үшін оларды бейбітшілік сүйгіштік рухында тәрбиелеу – ең алдымен жоғарғы буын ағалардың міндеттері екенін ұғындырып өсіруге тиіспіз. Көл ежелден Қытаймен екі араны бөліп тұрған қалқанкөл секілді еді. Осы Жалаңашкөл орналасқан Сары Шілде өзені жазықтығын Қытайға беріп қойыппыз. Жалпы, КСРО құлағаннан кейін Қытаймен арадағы жер дауын шешу Қазақстанның мойнына артылғаны белгілі. 1994 жылы сәуір айында Елбасы Н.Назарбаев пен Қытай Мемлекеттік кеңесінің төрағасы Ли Пен мемлекеттік шекара туралы қазақ-қытай келісіміне қол қойған. Бұл келісім бойынша, екіжақ арадағы ұзындығы 1700 шақырымға созылған шекараның 95 пайызына келіскен болатын. Дегенмен, 1999 жылы Қазақстан Қытаймен арадағы шекара проблемасын дипломатиялық нормаларға сай толық шешіп алды. Екі ел шекарасының нақ түбінде орналасқан Жалаңашкөлден қайтарда алдымен Қытай жаққа, сосын Жоңғар Алатауының төсіне таққан інжудей жарқыраған көлге қимастықпен ұзақ қарадық. Жалаңашкөл жанарға тұнған тамшыдай мұңлы мөлдіреп тұрды.